

**Іле ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері мен елді мекендердегі аймақтардың шекараларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 сәуірдегі N 6-28 шешімі. Алматы облысы Әділет департаменті Іле ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 01 маусымда N 2-10-162 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 тамыздағы № 11-37 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 27.08.2021 № 11-37 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 11-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының, 1-тармағының, 13)-тармақшасына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Іле ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері мен елді мекендердегі аймақтардың шекаралары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың депутаттық этика, өкілеттілік, заңдылықты сақтау, құқық тәртібі және жұртшылықпен байланыс мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органынан мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы  
Мәслихат хатшысы  
КЕЛІСІЛДІ:

Б. Сүлейменова  
Ф. Ыдрышева

"Іле аудандық жер  
қатынастары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

Әшіров Қайратбек Бердікұлұлы

18 сәуір 2012 жыл

Іле аудандық мәслихатының  
2012 жылғы 18 сәуірдегі  
"Іле ауданының жер учаскелері  
үшін төлемақының базалық  
ставкаларын түзету коэффициенттері  
мен елді мекендердегі аймақтардың  
шекараларын бекіту  
туралы" N 6-28 шешіміне  
қосымша

**Іле ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық  
ставкаларын түзету коэффициенттері**

Рет N	Елді мекендердің атауы	Зона нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері
1	Өтеген батыр кенті (қоныстанатын аймақ)	I	1,5
2	Өтеген батыр кенті (өндірістік аймақ)		
3	Боралдай кенті (қоныстанатын аймақ)		
4	Боралдай кенті (өндірістік аймақ)		
5	Первомай кенті		
6	Қоянқұс ауылы		
7	Покровка кенті		
8	Қарасу ауылы		
9	М.Түймебаев атындағы ауыл	II	1,4
10	Жаңа талап ауылы		
11	Казцик ауылы		
12	Байсерке ауылы		
13	Көктерек ауылы		
14	Жаңа дәуір ауылы		
15	Қараой ауылы		
16	Жетіген ауылы		
17	Н.Тлендиев ауылы		
18	Ынтымақ ауылы		
19	Междуреченск ауылы		
20	Чапаев ауылы		
21	Көкқайнар-2 ауылы		
22	Көкқайнар-3 ауылы		
23	Қосөзен ауылы		

24	Әли ауылы	III	1,3
25	Жәпек батыр ауылы		
26	Комсомол ауылы		
27	Төле би ауылы		
28	Құйған ауылы		
29	Екпінді ауылы	IV	1,2
30	Жаңа арна ауылы		
31	Еңбек ауылы		
32	Жауғашты ауылы		
33	Ақши ауылы	V	1,1
34	Күрті ауылы		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК